# Қамқоршылық кеңесі отырысының
# №1 хаттамасы

26.08.2021

**Қатысушылар:**
1.Мектеп басшысы- Д.Е.Садыкова
2.Қамқоршылық кеңес төрайымы-К.М.Акижаев
3.Әлеуметтік педагог-Ж.Д.Назымбекова
4. Кітапханашы-А.С.Сулейменова
5.Мектеп ұстазы С.Н.Ералина
6. Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**
1 Мектеп басшысының есебі
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3.Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы
4.Оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы
5. Жалпыға бірдей білім беру қоры
**6.Педагогикалық әдеп**

**1-ші мәселе бойынша сөз алды мектеп басшысы Д.Е.Садыкова** Өткен 2020-2021 оқу жылының жұмысына тоқталды Мектеп ұжымы әкімшілік басшылығымен жалпы мектептің жоспарын, дамыту жоспарын жүзеге асырып жатыр. Ұжымның мақсаты: бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан, функционалды сауаттылығы жоғары оқушыны тәрбиелеу.

Мектептегі барлық жүргізіліп отыратын іс-шаралар ата-аналар қоғамдастығының қатысуымен өткізіледі: жоғары деңгейде безендірілген, мазмұнды іс-шаралар оқушылардың мектеп өмірі қызықты, жарқын болуына ықпал етеді. Мектептің материалдық базасын дамыту жұмыстары жалғасын табуда.

2021-2022 оқу жылындағы мектептің шығармашылық тақырыбын, мақсаты мен міндеттеріне тоқталды

Шығармашылық тақырыбы:
«Әрбір оқушының өзінің қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету арқылы, оқушылардың білім сапасын арттыру».
Мақсаттары:
-Терең теориялық білім, білік дағдылары, олардың қабілеттері мен талап-тілегін қанағаттандыратындай, әр оқушының дара ерекшелігіне сай ой - өрісін, талғамын, дүниетанымын дамыта отырып, оқытып тәрбиелеу;
-Әр оқушыны білім үрдісі жұмысына ұйымдастырушы және сабаққа қатысушы есебінде тәрбиелеу:Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.
Міндеттері:
-Жеке тұлғалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін жаңа педагогикалық ойлауды білім тұрғысынан дамыту;
-Оқушылардың білім алу барысындағы оқу іс-әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру;
-Ана тілін, ділін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерту;
-Жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, жинақтылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптастыру деп айтып, өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар мен мектептің жетістіктеріне тоқталды:
Жалпы оқушы саны: 61
Оның ішінде:
Қыздар –28
Ұлдар –33
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі ж №158 бұйрығының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік

қамтамасыз етілді. Оның көп балалы отбасы балалары-19, толық емес-2, қамқоршылықтағы -2 оқушы қамтылды.
2021-2022 оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясы өткізілуде.
Мектепте акцияға арналған іс-шара жоспары бекітіліп, жұмыс жасалып жатыр.
Акция кезінде ауылдық әкімшілікке ,шаруа қожалықтарына қатынас хаттар таратылды.
Акциясы кезінде 13 рейд жасалынып, 9 мұғалім қатысты. Мектепке келмеген, жалпы оқуға қамтылмай қалған оқушы болған жоқ.
- Оқу жылының қорытындысы бойынша 6 оқушы үздік, 10 оқушы екпінді, білімді көрсетті.
оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы-67%, үлгерім-100% болды.
Өткен оқу жылында 9 сыныпты 9 оқушы бітіріп құжаттарын Ш.Айманов атындағы орта мектебіне тапсырды..
Директордың есебі тыңдалып болғаннан кейін, хабарламашыға сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар алынды.

**2-ші мәселе бойынша:**

1.Қамқоршылық кеңесінің төрайымы К.М.Акижаев кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылауға ұсынды. Биылға жоспарда мектептің жалпы материалдық-техникалық базасын қадағалау, мектепте өткізіліп жатқан шараларға белсене қатысу керектігін жеткізді. Сонымен қатар жоспардан тыс шаралар,отырыстар болуы мүмкін екендігін ескертті.Жоспарды талқылап,бекіту қажеттігін жеткізді.

**3-ші мәселе бойынша: 1.Кітапхана меңгерушісі : А.Сулейменова**

Қазіргі таңда мектеп кітапханасында жалпы кітап қоры- 1500 Оның ішіндегі оқулық саны - 1300 .Жаңа оқу жылына кітап қорындағы барлық оқулықтар таратылып оқушылар оқулықтармен толықтай қамтамасыз етілді.Кітап қоры жаңартылған мазмұнды 1 сыныппен ,5 сынып медиасауаттылық оқулықтарымен толықты.50 дана көркем әдебиеттермен толықтырылды.

Сондай-ақ білім беретін оқытушы мен пән мұғалімдерге көмекші құрал ретінде әдістемеліктермен қамтамасыз етілгенін жеткізді.

**4-ші мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог**

Биылғы 2021-2022 оқу жылында ыстық тамаққа 34 оқушы қамтылды..Оның ішінде көпбалалы,толық емес отбас,жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар қамтылды.Мектеп асханасы оқушыларды қабылдауға дайын.Санитарлық гигена талаптары сақталған. «Лекер ЖНББМ» КММ-де«Жалпай білім беру қорынан» 2 оқушыға киімдерге сұраныс берілді.

**Сөз алды Ералина С.Н. –мектептің ұстазы Педагогикалық әдеп бойынша тоқталды.**

2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады.

мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және кадір-қасиетіне құрметпен карайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен кадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

**Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мектеп басшысының 2021-2022 оқу жылындағы мектеп бойынша атқарған жұмысын қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Кеңес жұмысының жоспары ұсыныстар мен қосымшаларды енгізе отырып, бекітілсін.
3. Мектеп кітапханашысының есебі қабылдансын.
4.Ыстық тамаққа бойынша оқушылардың тізімі бекітілсін.
5.Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген киімдер ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларына берілсін.

6.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» нормаларының орындалуы басты назарға алынсын.

Төрайымы: К.Акижаев
Хатшы: Г.Сагындыкова